**"Астана қаласында "Талдыкөл" ағынды суларды жинақтаушысының орнын қалпына келтіре отырып оны жою" жобасын іс жүзінде іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 5 ақпандағы N 19-ө Өкімі

"Астана қаласында "Талдыкөл" ағынды суларды жинақтаушысының орнын қалпына келтіре отырып оны жою" жобасын іс жүзінде іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Шөкеев Өмірзақ Естайұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші |
| Ысқақов Нұрлан Әбділдаұлы | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі, жетекшінің орынбасары |
| Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы | - Астана қаласының әкімі, жетекшінің орынбасары |
| Крылов Василий Леонидович | - Астана қаласы әкімінің орынбасары, хатшы |
| Кармазина Лена Мағауияқызы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі |
| Евниев Арман Қайратұлы | - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі |
| Белоног Анатолий Александрович | - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиалогиялық бақылау комитетінің төрағасы |
| Рябцев Анатолий Дмитриевич | - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы |
| Тихонюк Николай Петрович | - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылық комитеті төрағасының орынбасары |
| Отаров Қадырхан Махмұтұлы | - Ақмола облысы әкімінің орынбасары |

Малғаздаров Ғабит Тілеукенұлы - Астана қаласының әкімдігі энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы

Нұркенов Жанбыршы Есетұлы - "Астана су арнасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас директоры

2. Жұмыс тобы он күн мерзімде ағынды суларды "Қарабидайық" жинақтаушысына құю жөніндегі жұмыстарды бұрын келісілген схема бойынша аяқтауды және жобаның өзін-өзі ақтауын қамтамасыз ету үшін мембраналық технологияларды қолдануды көздейтін "Астана қаласында "Талдыкөл" ағынды суларды жинақтаушысының орнын қалпына келтіре отырып оны жою" жобасын іс жүзінде іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК